«БЕКІТЕМІН»
Астана қаласы
Білім басқармасының
басшысы К. Сенғазыев

«28» 08 2026 ж.

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

Астана қаласы, 2026 жыл

Тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Жоспардың мазмұны «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын, Мемлекет басшысының «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру жөніндегі басым бағыттарын және «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясын жүзеге асыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды.

Жоспар білім алушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, адалдықты, жауапкершілікті, еңбекқорлықты, патриотизмді, құқықтық мәдениет пен азаматтық белсенділікті бойына сіңірген тұлға болып қалыптасуына, сондай-ақ қауіпсіз, инклюзивті және қолайлы білім беру ортасын нығайтуға бағытталған.

Тәрбие жұмысы Конституция құндылықтарын, «Еңбек адамы» құндылығын, «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» қағидаттарын оқу-тәрбие процесінің барлық бағыттарына жүйелі кіріктіру, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған брендбук негізінде мектептің ішкі ортасын безендіру арқылы білім беру ұйымының тәрбиелік әлеуетін арттыру; отбасы, мектеп және әлеуметтік серіктестердің өзара ынтымақтастығы негізінде ұйымдастырылып, білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Жоспарда мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге арналған іс-шаралар, білім алушылардың бойына «Адал азамат» құндылықтарын сіңіруге бағытталған тәрбие жұмыстары, құқықтық, рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, экологиялық, еңбек, зияткерлік, мәдени және дене тәрбиесі бағыттары бойынша іс-шаралар кешені жүйеленген.

Сонымен қатар білім алушылардың цифрлық құзыреттілігі мен жасанды интеллект құралдарын қауіпсіз әрі жауапты қолдану мәдениетін қалыптастыру, 6 әлеуметтік жобаны іске асыру, еріктілер қозғалысын дамыту, мектептің өзін-өзі басқару ұйымының қызметін қолдау және қоғамдық белсенділікті арттыруға бағытталған іс-шаралар енгізілген.

Тәрбие жұмысының мақсаты: білім алушылардың құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға, әлеуметтік жауапкершілігін, құқықтық және экологиялық мәдениетін, еңбек және цифрлық дағдыларын дамытуға, құқықбұзушылықтың алдын алуға және санын азайтуға бағытталған біртұтас тәрбиелік ортаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- білім алушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген құндылықтық бағдарларын, мінез-құлық мәдениетін, адалдық, әділдік, жауапкершілік және отаншылдық қасиеттерін қалыптастыру;

- білім алушылардың азаматтық және әлеуметтік жауапкершілігін, қоғамдық белсенділігін, көшбасшылық және өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту;

- білім алушылардың құқықтық мәдениетін арттыру, заң мен тәртіпті құрметтеуін қалыптастыру,

құқықбұзушылықтың, буллингтің, зорлық-зомбылықтың және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу және кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық санын азайту;

- білім алушылардың еңбекқорлық, еңбек мәдениеті және кәсіби бағдар құндылықтарын дамыту, олардың практикалық және кәсіби өзін-өзі анықтау дағдыларын қалыптастыру;

- білім алушылардың цифрлық мәдениетін, цифрлық қауіпсіздігін, сыни ойлауын және жасанды интеллект құралдарын жауапты әрі этикалық пайдалану дағдыларын дамыту.

- білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғи ресурстарға жауапкершілікпен қарауын, қоршаған ортаны қорғау, қалдықтарды азайту, тазалық пен жауапты тұтыну мәдениетін дамыту және «Таза Қазақстан» құндылықтарын күнделікті өмір салтына енгізу.

- білім алушылардың қауіпсіз, салауатты және психологиялық қолайлы тәрбиелік ортада дамуына жағдай жасау, отбасы–мектеп–қоғам серіктестігін нығайту.

- тәрбие жұмысының нәтижелілігін жүйелі мониторингтеу және бағалау, алынған деректер негізінде тәрбиелік ортаны жетілдіру және басқарушылық шешімдер қабылдау.

ТӘРБИЕНІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;

- «2026 – 2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 56 қаулысы;

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы заңы;

- «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ;

- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ);

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 12 мамырдағы «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні ендіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы;

- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;

- «Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 11 желтоқсандағы № 281 бұйрығы;

- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «2026-2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;

- «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы;

- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;

- «Қазақстан Республикасында шахматты дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 576 қаулысы;

- «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;

- «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысы;

- «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы;

- «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасындағы 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;

- «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы;

- «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы;

- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы;

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы;

- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы;

- «Орта білім беру ұйымдарында мектепішілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығы;

- «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы;

- «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТОПТАМАСЫ:

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРЫ

№	Жоба атауы	Мақсаты	Қалыптасатын құндылық	Жауапты тұлғалар
1	**«ҚАМҚОР»**	әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу	Мейірімділік, жанашырлық, әлеуметтік жауапкершілік	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілері, мектеп парламенті, волонтерлік клуб жетекшісі, химия, биология пәні мұғалімдері

2	**«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН»**	білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу	Еңбекқорлық, жауапкершілік	Директордың бейіндік жұмыс жөніндегі орынбасары, педагог-кәсіптік бағдар беруші, технология, көркем еңбек пәні мұғалімдері, сынып жетекшілері
3	**«SMART BALA»**	инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу	Цифрлық сауаттылық, креативтілік	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары, информатика, математика, физика пәні мұғалімдері, STEM/робототехника жетекшілері
4	**«ШАБЫТ»**	білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу	Эстетикалық талғам, шығармашылық	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, музыка, көркем еңбек, қазақ тілі мен әдебиеті, дене шынықтыру пәні мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері
5	**«ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ»**	тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу	Сыни ойлау, коммуникация	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, құқық негіздері, өзін-өзі тану/жаһандық құзыреттер педагогтері, дебат клубының жетекшісі
6	**«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ»**	кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру	Оқу мәдениеті, функционалдық сауаттылық	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, мектеп кітапханашысы, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі мұғалімдері, сынып жетекшілері

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ:

- **жүйелілік және сабақтастық:** тәрбие жұмыстарын кезең-кезеңімен ұйымдастыруды, оның үздіксіздігі мен өзара байланысын қамтамасыз ету;

- **тәрбие мен оқытудың бірлігі**: білім беру мен тәрбиелеу үдерістерін өзара кіріктіру арқылы тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау;

- **отбасы, білім беру ұйымы және қоғамның серіктестігі:** тәрбиенің мақсаттарына қол жеткізу үшін ата-аналармен, әлеуметтік серіктестермен және қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

- **формализмнің алдын алу:** тәрбие бағытындағы іс-шараларды мазмұнды, сапалы және нақты нәтижеге бағдарланған түрде ұйымдастыру;

- **нәтижеге бағдарланған басқару:** жоспарланған іс-шаралардың тиімділігін бағалау негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау.

- **«саннан сапаға» қағидатына негізделі:** тәрбиелік жұмысты сандық көрсеткіштерге емес, оның сапасы мен тәрбиелік әсеріне бағыттау;

- **тұрақты мониторинг, талдау және түзету жұмыстарын жүргізу** – бағдарламаның орындалу барысын жүйелі бақылау, нәтижелерін талдау және қажеттілігіне қарай түзету іс-шараларын жүзеге асыру.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

№	Мерзімі	Іс-шаралар	Жауаптылар
1	**Күн сайын**	Білім алушыларды қарсы алу, қауіпсіздік және ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын бақылау; мемлекеттік рәміздерді құрметтеу мәдениетін қалыптастыру; кезекшілік жұмысын ұйымдастыру; білім алушылардың сабаққа қатысуын бақылау; профилактикалық және жеке әңгімелесу жұмыстарын жүргізу. **«Апта күндері»** жобасының іске асыру: дүйсенбі «Әдеп күні»; сейсенбі «Денсаулық күні», сәрсенбі «Кәсіптік бағдар күні»; бейсенбі «Тазалық күні»; жұма «Ұлттық күн». Сондай-ақ іс-шараларды апта күндеріне сәйкес кіріктіріп өткізу	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, кезекші мұғалімдер, педагог-психолог, әлеуметтік педагог
2	**Апта сайын**	Сынып сағаттарын өткізу; ҚР Гимнін орындау; «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы тәрбиелік іс-шаралар; құқықтық, экологиялық, патриоттық және еңбек тәрбиесі бағытындағы жұмыстар; мектептің өзін-өзі басқару ұйымының отырыстары; профилактикалық жұмыстар; ата-аналармен кері байланыс.	Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілері, педагог-ұйымдастырушы, аға тәлімгер
3	**Ай сайын**	Тәрбие жоспарының орындалуына мониторинг; құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы; мектеп парламентінің жұмысы; ата-аналар жиналыстары; «Таза Қазақстан», «Заң және тәртіп», «Адал азамат» бағытындағы акциялар өткізу, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы әлеуметтік жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру. Құқық бұзушылықтың алдын алу, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша ведомствоаралық жұмыстарды іске асыру. «Саламатты мектеп» жобасын жүргізу	Мектеп әкімшілігі, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, кітапханашы, пән мұғалімдері, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгерлер

		«Зерделі ұлт» жалпыұлттық бастамасы негізінде **«12 ай – 12 кітап» жобасын** іске асыру **Оқуға арналған шығармалар осы сілтеме бойынша ұсынылған** https://edu.bookfund.gov.kz/ **«Қала менен басталады» жобасын** іске асыру **«1000 бала» жобасын** іске асыру	
4	**Тоқсан сайын**	Тәрбие жұмысының қорытындысын талдау; білім алушылардың тәртібі мен сабаққа қатысуына мониторинг жүргізу; ата-аналар жиналысын өткізу; педагогикалық кеңесте тәрбие жұмысының нәтижелерін қарастыру, сынып жетекшілер бірлестігі жетекшілерінің әдістемелік отырысын жүргізу, хаттамаларын толтыру, «DosbolLIKE» балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасына сәйкес 1-11 сынып оқушылары үшін арнайы іс-шараларды ұйымдастырып өткізу	Директор, директордың орынбасарлары, сынып жетекшілері, педагог-психолог
5	**Жартыжылдықта**	Бағдарламаның іске асырылуына аралық мониторинг жүргізу; білім алушылардың құндылықтық бағдарларының қалыптасуын бағалау; түзету жұмыстарын жоспарлау.	Мектеп әкімшілігі, педагог-психолог, ғылыми-әдістемелік орынбасар
6	**Жылына 2 рет**	1, 5, 10-сынып оқушыларының бейімделу деңгейіне бастапқы (қыркүйек) және қорытынды (сәуір) диагностика жүргізу; нәтижелерін талдау және ұсынымдар әзірлеу, ата-аналардың мектеп жұмысына қанағаттану деңгейін анықтау (бастапқы – қыркүйек, қорытынды – сәуір)	Педагог-психолог, сынып жетекшілері
7	**Жыл қорытындысы бойынша**	Тәрбие жұмысының тиімділігін бағалау; бағдарламаның орындалуы бойынша қорытынды есеп дайындау; келесі оқу жылына арналған ұсыныстар әзірлеу.	Директор, директордың орынбасарлары, педагогикалық ұжым

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ БӨЛУ МОДЕЛІ

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын тиімді іске асыру білім беру ұйымындағы барлық басқару және педагогикалық қызметкерлердің, білім алушылардың, ата-аналардың және әлеуметтік серіктестердің өзара үйлесімді қызметіне негізделеді. Бағдарламаны іске асыру барысында әрбір қатысушының міндеттері мен жауапкершілік аясы нақты айқындалады.

Жауапкершілікті бөлу моделі бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін жүйелі орындауды, тәрбие жұмысының сабақтастығын, басқару деңгейлері арасындағы өзара іс-қимылды және ортақ нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Бұл модель әрбір құрылымдық бөлімшенің және қызметкердің құзыреті шегінде нақты функцияларды орындауына, жұмыстардың қайталануына немесе жауапкершіліктің бөлінбей қалуына жол бермеуге бағытталған.

Рөлдер мен жауапкершіліктің нақты бөлінуі:

- Бағдарламаны іске асырудың тиімділігін арттыруға;
- тәрбие жұмысының жүйелілігі мен сабақтастығын қамтамасыз етуге;
- құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара үйлестіруді нығайтуға;
- тәрбие процесіне барлық мүдделі тараптардың белсенді қатысуын қамтамасыз етуге;
- формализмнің алдын алуға және тәрбиелік жұмыстың сапасын арттыруға;
- бағдарламаның орындалуына тұрақты мониторинг жүргізуге, нәтижелерін талдауға және жетілдіру бойынша басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Осыған сәйкес, білім беру ұйымының басшысы, директордың орынбасарлары, педагогтер, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушы, аға тәлімгер, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, педагог-ассистент, кітапханашы, медицина қызметкері, техникалық персонал, ата-аналар қауымдастығы және білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымы өз құзыреті шегінде Бағдарламаны іске асыруға жауапты болып табылады.

1. Мектеп директоры: - Бағдарламаны іске асыруға жалпы басшылық жасайды; - Бағдарламаның мектептің даму жоспарына енгізілуін және орындалуын қамтамасыз етеді; - орындау нәтижелеріне мониторинг жүргізіп, басқарушылық шешімдер қабылдайды.

2. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: - Бағдарламаның тәрбиелік бағытын үйлестіреді; - сынып жетекшілері мен педагогтердің тәрбие жұмысын ұйымдастырады; - тәрбие жұмысының орындалуына мониторинг жүргізеді.

3. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: - Бағдарлама құндылықтарының оқу үдерісіне кіріктірілуін қамтамасыз етеді; - пән мұғалімдерінің жұмысын үйлестіреді және оқу-тәрбие бірлігін қамтамасыз етеді.

4. Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары: - Бағдарлама құндылықтарын бейіндік пәндер мен кәсіби бағдар беру жұмысына кіріктіреді; - жобалық және элективтік курстар арқылы кәсіби жауапкершілік пен азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ықпал етеді.

5. Директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары: - Бағдарламаның ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуін қамтамасыз етеді; - педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетіп, кәсіби дамыту жұмыстарын ұйымдастырады; - Бағдарламаның орындалуына талдау жасап, мониторинг жүргізеді.

6. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары: - қауіпсіз, қолайлы және тәрбиелік ортаны қамтамасыз етеді; - мектеп мүлкіне ұқыпты қарау және еңбек мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайды.

7. Педагог-психолог: - білім алушыларды психологиялық сүйемелдеуді жүзеге асырады; - бейімделу, профилактика және түзету жұмыстарын ұйымдастырады.

8. Әлеуметтік педагог: - әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушылармен жұмыс жүргізеді; - отбасы, мектеп және қоғам арасындағы өзара байланысты үйлестіреді.

9. Педагог-ұйымдастырушы: - тәрбиелік іс-шаралар мен әлеуметтік жобаларды ұйымдастырады; - оқушылардың қоғамдық белсенділігі мен еріктілік қызметін дамытады.

10. Аға тәлімгер: - балалар ұйымдары мен өзін-өзі басқару қызметін үйлестіреді; - патриоттық және еріктілік бастамаларды ұйымдастырады.

11. Өзін-өзі басқару ұйымы: - оқушылардың мектеп өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді; - құндылықтарды құрдастар ортасында насихаттап, әлеуметтік жобаларды іске асырады.

12. Сынып жетекшісі: - бағдарламаны сынып деңгейінде іске асырады; - оқушылардың тәрбиесі мен ата-аналармен өзара байланысты қамтамасыз етеді.

13. Пән мұғалімдері: - бағдарлама құндылықтарын оқу пәндерінің мазмұнына кіріктіреді; - тәрбие мен оқытудың бірлігін қамтамасыз етеді.

14. Педагог-ассистент: - ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды сүйемелдейді; - инклюзивті ортада олардың әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

15. *Әдістемелік бірлестік жетекшілері:* - пәндік бағыттарда құндылықтарды оқу процесімен ықпалдастыруды үйлестіреді; -педагогтердің тәжірибе алмасуын ұйымдастырады; - тәрбиелік әлеуеті бар сабақтар мен жобалардың сапасын қолдайды.

15. Кітапханашы: - құндылықтарға бағытталған оқу мәдениетін қалыптастырады; - тақырыптық көрмелер мен ағартушылық іс-шараларды ұйымдастырады.

16. Медбике: - салауатты өмір салтын насихаттайды; - денсаулық сақтау және санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуына ықпал етеді.

17. Асхана қызметкерлері: - тамақтану мәдениеті, тазалық және қызмет көрсету сапасын қамтамасыз етеді; - санитариялық талаптардың сақталуына жауап береді.

18. Техникалық персонал: - мектептің тазалығы, қауіпсіздігі және тәртібін қамтамасыз етеді; - ұқыптылық пен еңбекке құрмет мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

19. Ата-аналар қауымдастығы: - бағдарлама құндылықтарын отбасылық тәрбиеде қолдайды; - мектеппен бірлескен тәрбиелік іс-шаралар мен жобаларға қатысады.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:

- білім алушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген құндылықтық бағдарларының қалыптасуы;
- азаматтық жауапкершілік пен қоғамдық белсенділіктің артуы;
- құқықтық мәдениет пен академиялық адалдық қағидаттарын ұстану деңгейінің жоғарылауы;
- білім алушылардың әлеуметтік, коммуникативтік және көшбасшылық дағдыларының дамуы;
- білім алушылардың патриоттық сана-сезімінің, еңбекқорлығының және жауапкершілік қасиеттерінің нығаюы;
- білім алушылардың қауіпсіз және салауатты өмір салтын ұстануға деген тұрақты ұстанымының қалыптасуы;
- мектептің тәрбиелік ортасының нығаюы;
- оқушылар, ата-аналар және педагогтер арасындағы серіктестік пен өзара сенімнің күшеюі;
- отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықтың жүйелі түрде дамуы;
- тәрбиелік іс-шараларға білім алушылардың қатысу белсенділігінің артуы;
- буллингтің, құқық бұзушылықтың және жағымсыз мінез-құлық көріністерінің алдын алу жұмыстарының тиімділігінің артуы;
- білім алушылардың шығармашылық, зияткерлік және әлеуметтік бастамаларын қолдау мен дамытуға қолайлы жағдайдың қалыптасуы;
- «Адал азамат» құндылықтарының мектеп мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналуы.

ҚАЛЫПТАСАТЫН АДАЛ АЗАМАТ МОДЕЛІ:

1. Бастауыш мектеп түлегінің моделі (1–4 сынып)

- әдепті және мейірімді, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқорлық көрсете алады;
- жауапты және тәртіпті, мектеп ережелерін сақтап, өз міндеттерін адал орындайды;
- білімге құштар, кітап оқуға, ізденуге және шығармашылыққа қызығушылық танытады;
- еңбекқор және ұқыпты, өз еңбегін және өзгелердің еңбегін бағалайды;
- қауіпсіздік және экологиялық мәдениеті қалыптасқан, жеке, қоғамдық және цифрлық қауіпсіздік талаптарын сақтап,

қоршаған ортаға жанашырлық танытады.

2. Негізгі орта мектеп түлегінің моделі (5–9 сынып)

- азаматтық ұстанымы қалыптасқан, ұлттық құндылықтарды құрметтеп, қоғам өміріне белсенді қатысады;
- адал әрі жауапты, өз әрекеттеріне жауап беріп, әділ шешім қабылдай алады;
- сыни және шығармашылық ойлайтын, мәселелерді талдап, тиімді шешім ұсына алады;
- қарым-қатынас мәдениеті жоғары, командада жұмыс істеп, түрлі көзқарастарды құрметтейді;
- өзін-өзі дамытатын тұлға, кәсіби бағдарын айқындауға ұмтылып, цифрлық технологияларды жауапты қолданады.

3. Жалпы орта мектеп түлегінің моделі (10–11 сынып)

- елінің дамуына жауапкершілікпен қарайтын, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін және жаһандық көзқарасы қалыптасқан азамат;
- көшбасшылық қасиеті қалыптасқан, бастама көтеріп, қоғамдық мәселелерді шешуге белсенді қатысады;
- өмір бойы білім алуға дайын, кәсіби таңдауын саналы жасап, өзгерістерге бейімделе алады;
- құқықтық, қаржылық және цифрлық сауатты, этикалық қағидаларды сақтап, саналы шешім қабылдайды;
- қоғамға пайдалы тұлға, еріктілікке, әлеуметтік жобаларға қатысып, еңбекқорлық пен жауапкершілікті өмірлік ұстанымына айналдырады.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«Адал азамат» бағдарламасына сәйкес тәрбие жұмысының жылдық жоспарын әзірлеу	Жоспар	Тәрбие бөлімі	Қыркүйек
2	Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының жылдық жоспарларын келісу және бекіту	Жоспар	Тәрбие бөлімі	Қыркүйек
3	Сынып жетекшілеріне арналған әдістемелік кеңес өткізу	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Қыркүйек
4	6 әлеуметтік жоба бойынша жоспарын әзірлеу: «ҚАМҚОР»; «ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН»; «SMART BALA»; «ШАБЫТ»; «ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ», «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ»	Жоспар, бұйрық	Тәрбие бөлімі	Қыркүйек
5	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарын әзірлеу және үйлестіру	Ақпарат	Оқу-тәрбие бөлімі	Тамыз
6	«Адал азамат» брендбук талаптарына сәйкес тәрбиелік кеңістікті рәсімдеу және ақпараттық материалдарды жаңарту. Стенд, безендіру	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы
7	Педагогтердің тәрбие жұмысы бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған семинарлар, коучингтер және тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы

	Семинар, кочинг			
8	Бағдарламаның іске асырылуына мониторинг жүргізу және талдау	Мониторинг, талдау	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы
9	Тәрбие жұмысының тиімділігі бойынша аналитикалық есеп дайындау	Аналитикалық есеп	Тәрбие бөлімі	Бірінші және екінші жартыжылдық
10	Үздік тәрбиелік тәжірибелерді жинақтау және тарат Әдістемелік жинақ, тәжірибе алмасу	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы
11	«Адал азамат» бағдарламасының іске асырылу қорытындыларын педагогикалық кеңесте қарау	Педагогикалық кеңес	Тәрбие бөлімі	Жылына 2 рет
12	Бейімделу аптасын ұйымдастыру	Бейімделу аптасы	Тәрбие бөлімі	Тамыз
ЖЫЛ БОЙЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР				
1	Ата-аналармен жұмыс (ата-аналар жиналыстары, кеңестер, сауалнама жүргізу, кездесулер)	Хаттама, анықтама, талдау, іс-шаралар, ақпарат	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы
2	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы», «Даналық мектебі» жобасын іске асыру	Анықтама	Оқу-тәрбие бөлімі	Қыркүйек
3	Желілік өзара әрекеттестік пен серіктестікті кеңейту	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы

4	Күнделікті жүргізілетін жобаларды іске асыру: «Күй күмбірі», «Үнемді тұтыну», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Апта күндері»	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы Күнделікті
5	Мемлекеттік және қоғамдық органдармен бірлескен тәрбие жұмыстары (ІІД, ТЖД, прокуратура, денсаулық сақтау және басқа)	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы

6	Тәрбие жұмысының тиімділігін мониторингілеу және бағалау	Анализ /анықтама/ сауалнама	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы
7	Сынып жетекшілерінің «Адал азамат» бағдарламасын іске асыруын мониторингілеу	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Желтоқсан Мамыр
8	«Оқушылардың тәрбиелілік деңгейін мониторингілеу (талдау, диагностика, сауалнамалар)	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы
9	Жас сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсету және тәлімгерлік ету	Жоспар, кеңес, әдістемелік көмек, семинарлар, талдау, кері байланыс	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы
10	Қосымша білім беру үйірмелері мен секцияларды ұйымдастыру	Үйірме/секция	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы
11	Мектеп парламенті мен өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын ұйымдастыру	Жоспар, хаттама, есеп, талдау, іс-шаралар, кері байланыс	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы
12	Қауіпсіздік техникасы, өрт және жол қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық өткізу	Нұсқаулық, қауіпсізді сағаты	А. Мазатбеков, Оқу-тәрбие бөлімі, Төтенше жағдайлар департаменті	Жыл бойы

13	Қауіпсіз балалық шақ: қамқоршы ата-ана» ата-аналарға арналған семинар-тренингтер	Ата-аналарға арналған тренинг	Тәрбие бөлімі Психологиятар	Апта сайын
14	«ДосболLIKE» балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасына сәйкес 1-11 сынып оқушылары үшін арнайы іс-шараларды ұйымдастырып өткізу	Буллингке қарсы бағдарлама	Оқу-тәрбие бөлімі	Тоқсанына 1 рет
15	Тәрбие жұмысының ақпараттық қамтамасыз етілуі (мектеп сайты, әлеуметтік желілер, газеттер)	Ақпарат	Тәрбие бөлімі	Күнделікті
16	Тәрбие жұмысы бойынша есеп әзірлеу (жартыжылдықтар бойынша, оқу жылының соңында)	Анализ, есеп, анықтама	Тәрбие бөлімі	Жартыжылдық, жылдық
17	Есепте тұрған балалармен жеке профилактикалық жұмыс	Есеп, анықтама	Тәрбие бөлімі	Күнделікті
18	Кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыру және өткізу: кәсіби қызығушылықтарын анықтау, тақырыптық сынып сағаттарын өткізу, түрлі мамандармен кездесулер, оқу орындары мен өндіріс орындарына экскурсиялар ұйымдастыру, кәсіптік бағдар жәрмеңкелеріне қатысу	Есеп, анықтама, кездесу	Тәрбие бөлімі	Ай сайын
19	Оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары	Анықтама	Тәрбие бөлімі Медиация	Тұрақты
20	Инклюзивті білім алушылармен жеке жұмыс. Жұмыс жоспарына сәйкес	Анықтама	Педагог-психолог, педагог-ассистент	Тұрақты
21	Волонтерлік қызметін ұйымдастыру	Акция, есеп	Тәрбие бөлімі	Тұрақты

22	«Тәлімгер – дос» (Buddy System) жобасы аясында жоғары сынып оқушыларының бастауыш және орта буын білім алушыларына тәлімгерлік қолдау көрсетуін ұйымдастыру. Мектептің мүмкіндігіне қарай жобаны пилоттық форматта іске асырып, бастауыш және жоғары буыннан 1 сыныптан қамту.	Тәлімгерлік жоба жазу, анықтама	Тәрбие бөлімі	Қыркүйек–мамыр
23	«Жасанды интеллект және цифрлық қауіпсіздік» тақырыбында ағартушылық жұмыстар жүргізу	Сынып сағаты, тренинг, пікірталас	Тәрбие бөлімі, информатиктер	Жыл бойы

«Бекітемін»
№78 мектеп-гимания директоры
_____К.Жангазакова
01.09.2026ж.

I ТОҚСАН
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні»
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)

Дүйсенбі «Әдеп күні»; сейсенбі «Денсаулық күні», сәрсенбі «Кәсіптік бағдар күні»; бейсенбі «Тазалық күні»; жұма «Ұлттық күн».

1	Білім күні «Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 1-САБАҚ:**	Сценария, анықтама	Тәрбие бөлімі	Қыркүйек 1-апта

	«Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері»			
2	«Мектеп мәдениеті – өзіңнен басталады» Мектеп, сынып мәдениеті кодексін әзірлеу, оқушыларға таныстыру	Мектеп, сынып мәдениеті кодексін әзірлеу, анықтама	Мектеп Парламенті, вожатый	Қыркүйек 1-апта
3	«Жаңа ортаға бейімделу – табысты оқудың бастауы» (1, 5, 10-сынып оқушыларының бейімделу деңгейін бастапқы диагностикалау)	Анықтама	Мектеп психологтары	Қыркүйек Ай бойы
Апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!				
4	**Сынып сағаты «Family Vibes: отбасы энергиясы, біздің үйдің 5 ережесі»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 2-САБАҚ:** «Көшедегі қауіпті нысандардан қалай аулақ болуға болады? (фонтан)»	Сынып сағаты бойынша ҚМЖ	Сынып жетекшілер	Қыркүйек 2-апта 7.09.2026 (01.09.2026)

5	«Тіл - бірлік пен білімнің, мәдениет пен өркениеттің көпірі» онкүндігінің іс-шаралар жоспары	Сценария, анықтама, ӘЖ жүктеу сілтемесі	Д.Заркеева, қазақ тілі және әдебиет бірлестігі	Қыркүйек 2-апта
6	«Тіл - тарихтың күре тамыры» Дөңгелек үстел 8-9 сыныптар	Анықтама	Кітапхана 10 қыркүйек 12:30	Қазақ тілі пәні мұғалімдері
7	«Quizizz» Викториналық ойын 5-7 сынып	Анықтама	10 қыркүйек 12:30. 322 кабинет	Жанаева Қ.Б Мажитова С.А.
8	«Жолда жүру ережесін сақтайық!» *(«Заң мен Тәртіп» аясында)* интерактивті сабақ	Анықтама	1-4 сынып жетекшілері А.Сыдықова, Ә.Кайроллинова	Қыркүйек 2-апта

9	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі	анықтама	4 сыныптар, 7 сыныптар, 9 сыныптар Кураторлар	Қыркүйек 2-апта
10	«Мейірімнен басталатын әлем» отбасы күніне арналған апталық	Анықтама, фотолар, сілтеме салу	3 Ғ,Д,Е,З,И,сыныптар, 6 сыныптар, 10 сыныптар Кураторлар, сынып жетекшілер	Қыркүйек 2-апта
11	«Менің кітабым. Менің таңдауым» **(«Балалар кітапханасы», «12 – ай, 12 – кітап» жобалары аясында)** Жеке оқу паспорты (*Өз қызығушылығына сай кітап таңдап, оқу мақсатын қою)*	Қорытынды анықтама	Мектеп кітапханашылары 3А,Ә,Б,В,Г, 5А,Ә,Б.В,Г, 8А,Ә,Б,В,Г. Сынып жетекшілер	Қыркүйек 2-апта
12	Денсаулық күні аясында «Ақыл, күш, денсаулық – үйлесімді тұлға қалыптастырудың негізі» Фестиваль	Қорытынды анықтама	Денешынықтыру бірлестігі. А.Сарсембаев	Қыркүйек 2-апта
Апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! /Абай/				
13	**ЭКО сағат: «Су –Қазақстанның байлығы:бағала, қорға, сақта!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 3-САБАҚ** «Интернетте жеке деректеріңізді қалай қорғауға болады?»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер Кураторлар	Қыркүйек 3-апта 14.09.2026
14	Құқықбұзушылыққа бейім оқушыларды анықтауға арналған психологиялық тест, тәуекел тобындағы білім алушыларды анықтау *(«Заң мен тәртіп» аясында)*	Анықтама	Мектеп психологтары	Қыркүйек 3-апта

15	«Өрт қауіпсіздігі: біл, сақта, әрекет ет!» *(«Заң мен тәртіп» аясында)*	анықтама	Шаруашылық бөлімі, тәрбие бөлімі	Қыркүйек 3-апта

16	Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесу *(«Заң мен тәртіп» аясында)*	анықтама	Тәрбие бөлімі	Қыркүйек 3-апта
17	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында қалалық пікірсайысшыларр арасындағы зияткерлік ойын	Қорытынды анықтама	А.Мешітхан, «Дебат» клубы	Қыркүйек 3-апта
18	«Адал ұрпақ» жобасы аясындағы іс-Шаралар. 3-4 сыныпта тренинг ойындар	Қорытынды анықтама	А. Абраманова, вожатый	Қыркүйек 3-апта
19	«Саламатты мектеп» жобасы аясында «ЖРВИ және тұмаудың алдын алу» Дәріс	Анықтама	Мектеп медбиексі	Қыркүйек 3-апта
20	«Құндылықтар галереясы» 6 әлеуметтік жобаны таныстыру, қорғау	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Қыркүйек 3-апта
21	**Ата-аналар жиналысы** «Мектеп – оқушы – ата-ана: бір мақсат, бір жауапкершілік» 1-4 сынып «Мектеп – оқушы – ата-ана: табысты оқу жылының негізі» 5-8 сынып «Болашаққа нық қадам: мектеп, ата-ана және оқушының бірлескен жауапкершілігі» 9-11 сынып	Хаттама	Тәрбие бөлімі, сынып жетекшілері, педагог-психолог	Қыркүйек 3-апта
22	«Таза мектеп – таза орта» сенбілік *(«Таза Қазақстан» аясында)* Экологиялық акция	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Қыркүйек - қазан 10.09-10.10.2026

Апта дәйексөзі: Еңбек — жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. /Абай/				
23	**<u>Сынып сағаты</u>** Еңбек күніне арналған сынып сағаты. «Жетістік формуласыеңбек, төзім, мақсат». *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*	Сынып сағатының жоспары	1-11 сыныптар. Сынып жетекшілер	Қыркүйек 4-апта 21.09.2026

	4- сабақ. Кибербуллинг: нені білу маңызды және одан қалай қорғануға болады?			
24	«Кәмелетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Дау-дамай немесе сындарлы диалог» тренингі *(«Заң мен тәртіп» аясында)*	Қорытынды анықтама	Тәрбие бөлімі	Қыркүйек 4-апта
25	«Digital Әке: баламның цифрлық қауіпсіздігі – менің жауапкершілігім» Ата-аналармен кездесу	Анықтама, әлеуметтік желгіге жүктеу (сілтеме)	«Әкелер мектебі» Тәрбие бөлімі Ж.Мұхамеджанова	Қыркүйек 4-апта
26	«Мектеп қызметінің сапасына ата-аналардың қанағаттану деңгейін анықтау сауалнамасы»	Сауалнама қортындысы, анықтама	Тәрбие бөлімі, психологтар	Қыркүйек 4-апта
27	«DosbolLIKE» балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы аясындағы іс-шаралар ***(1-тоқсан) Квест ойыны***	Фото есеп	Педагог ұйымдастырушы, вожатый	Қыркүйек 4-апта
28	«PROFESSION FEST – 2026» «Барлық мамандық маңызды!» фестивалі. « Мектеп журналисттері» Мектепішілік кәсіптік бағдар беру фестивалі	Анықтама, сілтеме	Р.Жамбулова Вожатый, Мектеп парламенті	Қыркүйек 4-апта
29	«Кітап оқитын ұлт» Республикалық кітап оқу марафонын іске асыру	Анықтама, сілтеме, фото	Мектеп кітапханасы, Г.Багзи, Г.Аманова	Қыркүйек 4-апта
30	Мектеп Парламентінің Президентін, құрамын қайта сайлау	Анықтама, сілтеме, фото	Вожатый, педагог ұйымдастырушы	Қыркүйек 4-апта

	Ата-аналарды қолдау орталықтары аясында өткізілетін іс-шаралар, үйірме жұмыстарын таныстыру. Ашық есік күні	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Қыркүйек 4-апта

Апта дәйексөзі: «Қартын сыйлаған ел – қазыналы ел» (28-30.09.2026)				
31	**Сынып сағаты:** **«Superhero іздеме- өзің волонтер бол!»** волонтерлық қызметі туралы. *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 5-САБАҚ** «Менің компьютерімде вирус бар. Не істеу керек?». **ЖЖЕ №2** Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары.	Анықтама, Сынып сағаты бойынша ҚМЖ	Сынып жетекшілер	Қыркүйек 5-апта 28.09.2026
32	«Үнемдеу кеңестері», «Қаржылық сауаттылық» мектеп оқушысының 5 ережесі» тақырыбында (мектептен 1 видеоролик) видеоролик әзірлеу	Видеоролик әзірлеу, әлеуметтік желіге жүктеу	Педагог ұйымдастырушы, вожатый	Қыркүйек 5-апта
33	«Жасампаз ұрпақ» еріктілер клубын құру	Жеке мәнсап картасын дайындау, анықтама	Вожатый, Мектеп парламенті	Қыркүйек 5-апта
34	«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Менің болашақ мамандығым» жәрмеңке ұйымдастыру	Анықтама	Мамандыққа бағыттаушы Р.Жамбулова	Қыркүйек 5-апта
ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 Қазан – Республика күні 2 қазан – Абдолла Қарсақбаевтың туғанына 100 жыл (1926–1983) 15 қазан – Сайын Мұратбековтің туғанына 90 жыл (1936–2007)				
Апта дәйексөзі: «Қартын сыйлаған ел – қазыналы ел» (01-02.10.2026)				
Дүйсенбі «Әдеп күні»; сейсенбі «Денсаулық күні», сәрсенбі «Кәсіптік бағдар күні»; бейсенбі «Тазалық күні»; жұма «Ұлттық күн».				

№	**Іс-шаралар**	**Аяқталу нысаны**	**Жауаптылар**	**Мерзімі**

1.	«Қарты бар үйдің қазынасы бар» құттықтау мерекесі. *«Қамқор» жобасы* аясында	Анықтама	Тәрбие бөлімі, Мектеп Парламенті	1қазан
2.	«EL TANYM: ел тану ойыны» Тәуелсіздік және отаншылдық айының ашылуы Зияткерлік ойын,	Анықтама, сілтеме, фото	Тәрбие бөлімі, Мектеп Парламенті	Қазан 1-апта
3.	Қарттар күніне арналған «Ұрпақтар сабақтастығы – ұлттық құндылық» іс-шарасы. Жергілікті тұлғалармен кездесу ұйымдастыру	Анықтама, сілтеме, фото	Тәрбие бөлімі. Еріктілер клубы	Қазан 1-апта
4.	«Даналық ұстаздан» челленджі Дөңгелек үстел, Дублер күні және т.б.	Анықтама, фото	Тәрбие бөлімі, Мектеп Парламенті	Қазан 1-апта
5.	«TEACHER TALKS – МҰҒАЛІМ ДАУЫСЫ» ардагерлер ұстаздармен кездесу	Анықтама, сілтеме, фото	Тәрбие бөлімі.	Қазан 1-апта
Апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!				
5	**Сынып сағаты «Ұстазым-ұлағатым, үлгі өнегем!»** Қауіпсіз сабағы (10 минут**)** **6- сабақ:** «Неліктен ата-анаңмен өзіңді мазалаған ойлармен бөлісу маңызды?»	Өткізген іс-шара жоспары	Сынып сағаты	Қазан 2-апта 05.10.2026
6	**«Қамқор» жобасы аясында «Ерікті болу — еліңнің ертеңіне жауапты болу» акциясы** Еріктілердің жалпы мектептік акциясы	Анықтама, сілтеме, фото	Тәрбие бөлімі, Мектеп Парламенті. Еріктілер клубы	Қазан 2-апта
7	«Репродуктивті денсаулық дегеніміз не?» Әңгіме	Анықтама, сілтеме, фото	Мектеп медбикелері	Қазан 2-апта
8	**«Қауіпсіз жол» алдын алу іс-шарасы**	Анықтама, сілтеме, фото	Мектеп Парламенті. Медиация	Қазан 2-апта

9	**«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрмеңкесі**	Анықтама, сілтеме, фото	Тәрбие бөлімі,	Қазан 2-апта
10	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Жастар және патриотизм» дебат турнирі	Анықтама, сілтеме, фото	А.Мешітхан	Қазан 2-апта
11	10 қазан – Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне арналған ақпараттық-ағартушылық іс-шараларын өткізу: *- «Менің эмоцияларым» психологиялық тренингі (1–4 және 5–7 сыныптар);* *«Күйзелісті қалай басқаруға болады?» практикалық семинар-тренинг (8–11 сыныптар) және т.б.*	Анықтама, фото	Мектеп психологтары	Қазан 2-апта
Апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады!				
12	**ЭКО сағат: «Әр тамшының сұрауы бар: суды үнемдеу-өзімізден басталады!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 7-САБАҚ:** «Бассейндегі немесе судағы жарақаттар мен жазатайым оқиғаларды қалай болдрмауға болады?»	Анықтама, сілтеме, фото	Сынып жетекшілер	Қазан 3-апта 12.10.2026
13	«Ұшқыр ой алаңы» дебат қозғалысы бойынша қалалық форум. Мектеп дебат клубтары	Анықтама, сілтеме, фото	А.Мешітхан	Қазан 3-апта
14	«Мен елімнің дамуы үшін...» Отан туралы Patriot Talks	Анықтама, сілтеме, фото	А.Амандық, А.Ихсанова, Б.Ерғабыл	Қазан 3-апта 12.10.2026
15	«Сенім көпірі: мен сені мақтан тұтамын, себебі…» Тренинг	Анықтама, сілтеме	Мектеп психологтары	Қазан 3-апта
16	«Отбасымның мамандығы» Шағын жоба әзірлеу, қорғау, ата-аналардан сұхбат алу	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Қазан 3-апта
Апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім!				

17	**Сынып сағаты** Ұлттық мереке 25 қазан-Республика күні «Республикам мақтанышым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) **№8-сабақ «Мұз үстіндегі қауіптер»**	Анықтама, сілтеме	Сынып жетекші	Қазан 4-апта 20.10.2026
18	«Республикам – мақтанышым» Республика күніне арналған мерекелік іс-шаралар	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Қазан 4-апта
19	Республика күніне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы оқушылар арасындағы пікірсайыс турнирі	Анықтама, сілтеме, фото	Тәрбие бөлімі	Қазан 4-апта
20	Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесу. Дәріс	Анықтама, сілтеме, фото	Тәрбие бөлімі	Қазан 4-апта
21	**«Кейіпкердің таңдауы»** кейіпкердің әрекетін, шешімін, салдарын зерттейді **(«Балалар кітапханасы», «12 – ай, 12 – кітап» жобалары аясында)**	Анықтама, сілтеме, фото	Тәрбие бөлімі, кітапханашылар	Қазан 4-апта
22	Ата-аналарды қолдау орталықтары аясында өткізілетін іс-шаралар	Анықтамалар	Тәрбие білімі	Қазан 4-апта

Күзгі демалыс 28.10.2026-01.11.2026

II ТОҚСАН

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

2 қараша – Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл (1841–1889)

Апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік біртұтас ұғым!

Дүйсенбі «Әдеп күні»; сейсенбі «Денсаулық күні», сәрсенбі «Кәсіптік бағдар күні»; бейсенбі «Тазалық күні»; жұма «Ұлттық күн».

1	**Сынып сағаты** **«Адал азамат – Сынып сағаты«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 9-САБАҚ** «Көмекке шақырудың халықаралық белгілері» **Адал еңбек – Адал табыс»**	Сынып сағаты бойынша ҚМЖ	Сынып жетекшілер	Қараша 1-апта 02.11.2026

2	Қауіпсіздік ережелерін үйретуге арналған тренингтер (өрт қауіпсіздігі, терроризмге қарсы күрес, алғашқы медициналық көмек көрсету) Тренингтер	Анықтама, сілтеме, фото	Тәрбие бөлімі	Қараша 1-апта
3	«Мектеп театры» жобасы: театр әлемі және шығармашылық мамандықтар	Анықтама, сілтеме, фото	Тәрбие бөлімі	Қараша 1-апта
4	«Саламатты мектеп» жобасы аясында «Жасөспірім кезеңдегі ағзадағы өзгерістер». Дәріс	Анықтама, сілтеме, фото	Тәрбие бөлімі	Қараша 1-апта
5	«DosbolLIKE» балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы аясындағы іс-шаралар *(2-тоқсан) Тренинг*	Анықтамалар	Тәрбие бөлімі, психолгтар	Қараша 1-апта
Апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ!				
6	**Сынып сағаты.15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні** **«Ұлттық валюта-теңге»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 10-САБАҚ** «Жасанды интеллект: зияны мен пайдасы»		Тәрбие бөлімі	Қараша 2-апта 09.11.2026
7	**«Ұшқыр ой алаңы» республикалық пікірсайыс турнирінің іріктеу кезеңі**	Дебат	Тәрбие бөлімі	Қараша 2-апта

8	«Қыз бала/ер бала тәрбиесі: тазалық, күтім және қауіпсіздік» (5-11 сыныптар) Дөңгелек үстел	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Қараша 2-апта
9	«Академиялық адалдық: таңдау, жауапкершілік, нәтиже» Кейс.	Анықтама	Тәрбие бөлімі	Қараша 2-апта
